

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының Жалпы жиналысымен  
2018 жылғы 30 маусымдағы №1 хаттамасы  
(2018 жылғы 13 шілдеден қолданысқа енгізіледі)

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының Жалпы жиналысының  
2021 жылғы 22 желтоқсандағы №2 хаттамасымен  
енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

**«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан  
бағалаушылар қауымдастығының ұйымы»  
бағалаушылар Палатасына**

**мүшелік туралы ЕРЕЖЕ**

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар Палатасына мүшелік және мүшелік жарналар («ӨРҚ БҚҰ» БП) туралы ереже 2018 жылғы 10 қаңтардағы №133-ҮІ «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңының (бұдан былай БҚЗ) талаптарына, «Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар Палатасының (бұдан былай «Палата») Жарғысына сәйкес әзірленген.

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже Палатадағы мүшелікке талаптарды (міндетті шарттар), Палата мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, жарналар түрлерін, палатадағы мүшелікке қабылдау және мүшелікті тоқтатуды, сондай-ақ Палатадағы мүшелікке байланысты өзге де құқықтық қарым-қатынастарды белгілейтін Палатаның ішкі құжаты болып табылады.

1.2. Палата мүшелері БҚЗ-мен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен, Палатаның Жарғысымен, осы Ережемен, сондай-ақ Палатаның ішкі құжаттарымен бекітілген тәртіпте Палата мүшелерінің тізіліміне енгізілген жеке тұлғалар болып табылады.

1.3. Палата мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, өзге де нормативтік-құқықтық актілері, Палатаның Жарғысы, осы Ереже, сондай-ақ Палатаның ішкі құжаттарымен қарастырылған тең құқықтары және міндеттеріне ие.

1.4. Палатадағы мүшелік құқығы үшінші тұлғаларға табысталмайды.

1.5. Палатадағы мүшелік туралы куәлік болған жағдайда тұлғалар бағалау қызметімен айналысуға құқылы.

## **2. Палатадағы мүшелікке (міндетті шарттар) талаптар.**

- 2.1. Басқа бағалаушылар палаталарында күші бар мүшелігі болмауы.
- 2.2. «Бағалаушы» біліктілігін иемдену туралы куәлігінің болуы (бағалау бойынша қызметпен айналысуға құқыққа лицензия).
- 2.3. Палата жарғысын мойындау.
- 2.4. Палатаның ережелері мен стандарттарын мойындау.
- 2.5. Бағалаушылардың Іскерлік және кәсіби кодексін мойындау.
- 2.6. Жалпы жиналыспен белгіленген мөлшер мен мерзімде кіру және мүшелік жарнаны төлеу.

## **3. Палатаға кіру тәртібі.**

3.1. Палата мүшелігіне кіру үшін жеке тұлға БҚЗ-мен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен және Палатаның ішкі құжаттарымен қарастырылған құжаттарды ұсынады.

Палата мүшелігіне кіруге құжаттар ұсынуымен жеке тұлға Палатаға «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісі арқылы Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіп пен көлемде өз дербес деректерін өңдеуге және ашуға келісім береді.

3.2. Палата мүшелігіне кіру үшін жеке тұлға келесі құжаттарды міндетті түрде ұсынады, бірақ келтірілген тізіммен шектелмейді:

3.2.1. Бекітілген нысанда Палатаға кіру туралы өтініш (осы Ережеге №1 қосымша);

3.2.2. Жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

3.2.3. «Бағалаушы» біліктілігін иемдену туралы куәлік көшірмесі (жеке тұлғаны бағалау бойынша қызметпен айналысу құқығына лицензия (бар болған жағдайда қосымшамен));

3.2.4. Экономикалық қызмет саласында құқық бұзушылық үшін, сондай-ақ қасақана жасалған ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін алып тасталмаған немесе өтелмеген соттылықтың болмауы туралы анықтама;

3.2.5. Бағалау қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғамен еңбек қарым-қатынасы бар болуы туралы жеке келісімшарт көшірмесі немесе бұйрық көшірмесі;

3.2.6. Бағалаушының мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету келісімшартының көшірмесі;

3.2.7. Телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы, іс-әрекетті жүзеге асыру орнының мекенжайы;

3.2.8. Егер палата мүшелігіне үміткер бұрын басқа бағалаушылар палатасына мүше болып табылса, онда оның негізінде үміткер мүшелікті тоқтату күнін көрсете отырып, басқа бағалаушылар палатасына мүшелігін тоқтатқан құжатын ұсынады.

3.2.9. Ережелермен, стандарттармен, Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерімен қарастырылған өзге де құжаттар мен деректер.

3.3. Кіру және мүшелік жарна төлемі белгіленген сомада.

3.4. Бағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Палатаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестілігі туралы шешім қабылданған тұлға мәліметтері заңмен белгіленген мерзімде палата мүшелерінің тізіліміне енгізіледі.

3.5. БҚЗ-мен, Палата жарғысымен және осы Ережемен белгіленген талаптарға оның сәйкестілігі туралы шешім қабылданған қатысты тұлға бағалау қызметінің субъектісі болып табылады және бағалау қызметін жүзеге асыруға құқылы.

3.6. Палата мүшелігі туралы куәлік бағалау қызметін жүзеге асыратын мүшелік жарнаны төлеген бағалаушыларға беріледі.

3.7. Палатада мүшелігі туралы куәлік жеке Палата мүшесіне, оның өкіліне, немесе байланыс ретінде көрсетілген мекенжайға жіберулуі мүмкін.

3.8. Палатаның алқалық органы тұлғаны Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен, Палатаның Жарғысымен, осы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкестілігін танудан бас тартуы мүмкін.

3.9. Палата мүшелігіне қабылдаудан бас тарту негізі келесі болуы мүмкін:

3.9.1. осы Ежеренің 3.2-т. көрсетілген құжаттарды ұсынбау және де ішінара ұсыну;

3.9.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға сәйкессіздігі;

3.9.3. Палатаның ішкі құжаттарымен белгіленген талаптарға сәйкессіздігі;

3.9.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерімен қарастырылған басқа жағдайларда.

3.10. Палата мүшелігіне қабылдаудан бас тартылған тұлға осы бас тартуға сотқа шағымдануға құқылы.

#### **4. Палатадағы мүшелікті тоқтату және қысқарту тәртібі.**

4.1. Бағалаушылар палатасында мүшелік «бағалаушы» біліктілігін иемдену туралы куәлік күші тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.

Бағалаушылар палатасында мүшелілігі тоқтатылған бағалаушы тоқтатылу кезінде бағалау қызметін жүзеге асыра алмайды.

4.2. Бағалаушылар палатасында мүшелілік келесі негіздер бойынша қысқартылады:

4.2.1. бағалаушылар палатасы мүшесінің өтініші бойынша;

4.2.2. бағалаушы бағалаушылар палатасы жарғысын, бағалаушылардың Іскерлік және кәсіби этикасы кодексін талай рет бұзған жағдайда;

4.2.3. «бағалаушы» біліктілігін иемдену туралы куәлік күші қысқартылған жағдайда.

4.3. Бағалаушылар палатасында мүшелілігі қысқартылған бағалаушы бағалау қызметін жүзеге асыра алмайды.

4.4. Өз еркімен палата мүшелігінен шығу жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады (осы Ережеге №2 қосымша), өтініш шығудан бір ай бұрын Палатаның алқалық органының басшысы атына беріледі. Тәртіптік жаза қолданылған кезеңде палата мүшесі мүшелігін өз қалауы бойынша тоқтата алмайды.

4.5. Өтініш беруші өтініш берген соң 1 күнтізбелік айдан кейін Палатадан шықты деп танылады.

4.6. Палатадан шыққан немесе шығарылған Палата мүшелері енгізген жарналарды (кіру, мүшелік, мақсаттылық) алуға (қайтаруға), сондай-ақ Палата меншігіне берген мүлікті қайтаруға немесе осы мүлік құнының өтемақысына құқылы емес.

4.7. Палатадан шығу және шығарылу оған қайта кіруге кедергі болмайды. Бұрын Палатадан шығарылған Палата мүшесі шығарылу себебі мен жағдайларын ескере отырып, Палата мүшелілігіне қайта қабылдануы мүмкін.

## **5. Кіру және мүшелік жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібі.**

5.1. Палатада келесі жарна түрлері бар: кіру, мүшелік, мақсаттылық және басқа да жарналар. Көрсетілген жарналарды Палата мүшелері ақшалай түрде енгізеді.

5.2. Жарна мөлшерлерін Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы белгілейді және БҚЗ белгілеген мөлшерден кем болуы мүмкін емес.

5.3. Кіру жарнаның белгіленген сомасы Палата мүшелігіне кірген кезде бір рет және бір төлеммен жасалады.

5.4. Палата мүшелігіне кірген кезде мүшелік жарна 01 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын бір күнтізбелік жылға Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен белгіленген сомада төленуге жатады. Күнтізбелік жыл ішінде Палата мүшелігіне кірген кезде жылдық кіру жарнасы төлемі мүшелік жарна төлемі көзделген күнтізбелік жылы бағалау қызметін жүзеге асыру мерзімінің қалған бөлігіне пропорционалды мөлшерде жүргізіледі.

5.5. Жалғастырылып жатқан мүшелік кезінде Жалпы жиналыспен белгіленген мүшелік жарна сомасын Палата мүшелері жарты жылға кем емес төленеді. Төлем мерзімі әр күнтізбелік жылдың қаңтар айының бірінші тоқсанында және шілде айының бірінші тоқсанында белгіленеді. Қалауынша Палата мүшелері мүшелік жарнаның жылдық сомасын қаңтар айының бірінші декадасында төлей алады.

5.6. Палата Президиумы шешімдерді, оның ішінде еркін мақсаттылық жарналар да туралы қабылдауға құқылы.

5.7. Палата мүшелігіне кіретін, бірақ бағалау қызметін жүзеге асырмайтын тұлғалар осы Ереженің 3.2 т. көзделген құжаттармен бірге бағалау қызметін жүзеге асырмау туралы өтінішті беруге міндетті. Бұл ретте олар Палатаның Жалпы жиналысында белгіленген мөлшерде кіру жарнасын енгізуге міндетті, бірақ мүшелік жарналарды бағалау қызметі жүзеге асырылмаған кезеңге төлемейді.

Палата мүшелері болып табылатын, бірақ бағалау қызметін тоқтата тұратын тұлғалар Палатаның атқарушы органына бағалау қызметін тоқтата тұру туралы өтінішті жоспарланған тоқтата тұруға дейін 30 күн бұрын беруге міндетті. Бұл ретте, бағалау қызметін тоқтата тұру/жүзеге асырмау кезеңінде осы тұлғалар мүшелік жарналарды төлемейді.

5.8. Палата мүшесінің ынталандырылған өтініш негізінде Палатаның атқарушылық органы алдағы кезеңге қарыз болмаған жағдайда ағымдағы кезеңге мүшелік жарнаның енгізу бойынша мерзімді кешіктіру, сондай-ақ екі кезеңнен астам емес туындаған мүшелік жарналар бойынша қарызды өтеу мерзімін кешіктіру бір кезеңнен астам емес мерзімге ұсынылуы мүмкін.

## **6. Палата мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

6.1. Палата мүшелері құқылы:

6.1.1. Жарғымен қарастырылған тәртіпте Палата басқаруына қатысуға.

6.1.2. Палата органы мен комитетінің басқарушылық органына сайлануға.

6.1.3. Палатаның басқарушылық органдарының қарастыруына іс-әрекетке тиісті, оның ішінде Жарғыны өзгерту бойынша ұсыныстар енгізуге.

6.1.4. Палата сайтына тегін кіруге.

6.1.5. Бағалау қызметі мәселелері бойынша тегін кеңес алуға.

6.1.6. Палата әзірлеген әдістемелік әдебиетті жеңілдікпен алуға (ақылы негізде).

6.1.7. Палата ұйымдастырған семинарларға қатысуға жеңілдік алуға.

6.1.8. Палата мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға.

6.1.9. Белгіленген тәртіпте Палата мүшелігінен шығуға.

6.2. Палата мүшелері міндетті:

6.2.1. Палата Жарғысының, мүшелік туралы осы Ереженің, бағалаушылардың іскерлік және кәсіби этикасы Кодексінің, бағалау іс-әрекеті саласындағы ұлттық стандарттар, Палата ережелері мен стандарттарының талаптарын, сондай-ақ Палата басқару органдарының шешімдерін орындауға.

6.2.2. Уақытылы және толық көлемде мүшелік және Жалпы жиналыспен қарастырылған өзге де жарналарды төлеуге.

6.2.3. Палата әрекетіне белсенді қатысуға, Палата өткізетін бағдарламалар мен жобалар әзірлеуіне, сараптамасына және іске асыруына қатысуға.

6.2.4. Бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде Палата анықтаған бұзушылықтарды жоюға.

6.2.5. Бағалау қызметін жүзеге асырғанда «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі» Заң талаптарын, бағалау стандарттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін сақтауға.

6.2.6. Палатаның құпия ақпараттарын жария етпеуге.

6.2.7. Өз әрекеттерімен және айтылған пікірлермен Палата беделін кемсітпеуге.

6.2.8. Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен белгіленген тапсырыс берушілер мен үшінші тұлғалар алдында мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілін қолдануға.

6.2.9. Есеп беретін тоқсаннан кейін айдың 10 жұлдызынан кеш емес апта сайын ЗОД және Палатамен қарастырылған тәртіпте есепті құрастыру күнін, оның реттік санын, бағалау объектісін, белгіленген баға түрін көрсетуімен аталған кезеңде бағалау туралы қол қойылған есептер туралы ақпарат ұсынуға.

6.2.10. Бағалаушы мүшесі болып табылатын бағалаушы палатасына еңбек келісімшартын жасасқан заңды тұлға туралы ақпарат, сондай-ақ еңбек келісімшартын жасасу немесе (және) өзгерістер туындау күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде осы ақпараттың кез келген өзгеруі туралы мәліметтерді ұсынуға.

6.3. Палата мүшелері келесіге жауапты:

6.3.1. Қазақстан Республикасы бағалау қызметі саласында нормативтік құқықтық актілер, Палата жарғысының, палата стандарттары мен ережелерінің талаптарын, Бағалаушылардың іскерлік және кәсіби этика кодексін, сондай-ақ осы Ережені бұзғанына.

6.3.2. Мемлекеттік, коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жария еткені үшін.

6.3.3. Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы Заңымен қарастырылған басқа да әрекеттеріне.

6.3.4. Осы Ережені бұзған үшін жауапкершілік шарасын Тәртіптік комиссия белгілейді. Палата мүшесі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін Атқарушылық орган Тәртіптік комиссия шешімі негізінде Тәртіптік комитет туралы ережеге сәйкес тәртіптік жазалау қолданады.

6.4. Палата мүшелері пайдаланылу шарттарын белгілейтін Палатамен арнайы келісімінсіз жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындау кезінде Палата эмблемасын пайдалануға құқылы емес.

## **7. Мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету**

7.1. Мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілін белгілеу Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен шешіледі.

7.2. Палатада мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз етудің келесі тәсілдері қарастырылуы мүмкін:

7.2.1. бағалаушы мен бағалаушылар палатасының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

7.2.2. бағалаушылар палатасы мүшелерін мүліктік жауапкершілікке тарту;

7.2.3. Қазақстан Республикасы заңдарымен қарастырылған мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз етудің өзге де тәсілдерін қолдану.

7.3. Бағалаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қамтамасыз ету жыл сайын күші бар бағалаушы мен палатаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтаудың жеке келісімшартымен ресімделуі тиіс.

7.4. Палата мүшесі бағалау қызметін жүзеге асыру құқығын тоқтату кезеңіне бағалаушының жауапкершілігін сақтандырмауға құқылы.

7.5. Бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде бағалаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісімшарты (бұдан былай – жауапкершілікті міндетті сақтандыру келісімшарты) бойынша сақтандыру объектісі бағалауды жүргізуге келісімшарт жасасқан тапсырыс берушіге келтірілген зиян немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерімен өзгесі қарастырылмаған болса өзге баға туралы есепте көрсетілген бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге құны түпкілікті көлемін пайдалану салдарынан үшінші тұлғалар келтірілген мүліктік зиян болып табылады.

7.6. Сақтандыру сома мөлшері және келісімшарт күшінің мерзімі Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген көлемі мен мөлшерінен кем болмауы тиіс (Заң талабы).

7.7. Палатаның мүліктік жауапкершілігі туралы талптар келесі шарттар үйлескен кезде ғана Палатаға ұсынылуы мүмкін:

7.7.1. заң күшіне енген сот шешімі бойынша Палата мүшесі келтірген зиянды өтеуге плата мүшелерін мүліктік жауапкершілікке тартқаннан кейін ғана;

7.7.2. Палата мүшелерінен өтеу ретінде алынған қаражат жетіспеушілігі;

7.7.3. бір сақтандыру жағдайы бойынша мүшенің біріне тапсырыс берушілер немесе үшінші тұлғалар талабы бойынша Палата жауапкершілігі есебінен өтемақы төлемінің көлемі Палата жауапкершілігін сақтандырудың тиісті келісімшарттарымен белгіленген көлемінен аспауы тиіс.

7.7.4. Өтемақы төлемдерін осы Ереженің 7.7.3 т. негізінде Палата жүргізген жағдайда Палата жүргізген төлем көлемінде Палата мүшесіне регресстік ақшалай талапты ұсынуға құқылы.

**№1 қосымша**

**«ӨРҚ БҚҰ» БП  
Президиумының төрағасына**

**Өтініш**

Мен, \_\_\_\_\_,

(Т.А.Ә.)

«бағалаушы» (лицензия) біліктілігін иемдену туралы куәлік деректері ( тіркеу №, берілген күні, іс-әрекет түрі, бланк № , бар болған жағдайда қосымша №)

Жеке басын куәландыратын

күжат деректері \_\_\_\_\_

пошталық мекенжайы

(индексті көрсетуімен фактілі мекенжайы) \_\_\_\_\_

ЖСН: \_\_\_\_\_

Байланыс деректер

(қала коды, ұ., ж. телефондары, e-mail): \_\_\_\_\_

Мен еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның атауы

Мені «Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының мүшесіне қабылдап (бұдан былай «ӨРҚ БҚҰ» БП), мүшелері тізіліміне енгізуді сұраймын.

Осы ақпарат өзгерген жағдайда өзгерістерді енгізу күнінен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде «ӨРҚ БҚҰ» БП -ға хабарлауды міндеттенемін.

«ӨРҚ БҚҰ» БП мүшелерінің тізіліміндегі мәліметтер жалпы қолжетімді болып табылатыны туралы хабарланды.

«ӨРҚ БҚҰ» БП мүшелерінің тізіліміндегі өз дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім беремін.

\_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

А.(Ә). Тері

*Өтінішке қоса беріледі:*

1) жеке басын куәландыратын күжат көшірмесі;

2) «бағалаушы» (лицензия) біліктілігін иемдену туралы куәлік көшірмесі;

3) экономикалық іс-әрекет саласында құқық бұзушылық үшін, сондай-ақ қасақана жасалған ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін алып тасталмаған немесе өтелмеген соттылықтың болмауы туралы анықтама

**№2 қосымша**

**«ӨРҚ БҚҰ» БП  
Президиумының төрағасына**

\_\_\_\_\_

**Мен,** \_\_\_\_\_,

(Т.А.Ә.)

Осы өтінішпен «ӨРҰ ҚБҚ» БП мүшелерінің құрамынан шығу еркімді көрсетемін  
\_\_\_\_\_ себебі бойынша.

«ӨРҚ БҚҰ» БП мүшелері құрамынан шығу күні осы өтінішті жазу күнінен кейін бастап  
бір күнтізбелік айдан кейінгі күн болып табылады.

Өтінішті беру күні: \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_